

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі кәсіпорындары бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 6 желтоқсандағы N 1672

Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындарынан алынған мұнай өнімдері үшін ауыл шаруашылығы кәсіпорындары бойынша пайда болған берешекті қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің республикалық бюджетке төлемдер бойынша берешегі бар кәсіпорындары арасындағы берешекке Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры үшін көзделген, пайдаланылмай қалған қаржы шегінде есепте жүргізсін.

Аталған сома ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының 1994 жылы алған мұнай өнімдері үшін берешегін өтеу есебіне есептелсін.

2. Облыс өкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қорынан мақсаттық шаралар есебіне қабылданатын қаржы мөлшерін анықтау мақсатында 1995 жылдың 10 желтоқсанына дейін айыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мұнай өнімдерін беретін кәсіпорындарға берешегіне, сондай-ақ мұнайгаз саласының тиісті кәсіпорындарының Экономиканы жаңғырту қорына, Жер қойнауын қорғау және минералдық ресурстарды қайта өндіру қорына сондай-ақ, заңды тұлғалардың табыс салығы және тіркелген /ренталық/ төлемдері бойынша берешегіне 1995 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша салыстыру жүргізуді қамтамасыз етсін.

<*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1996.01.24.

N 90 қаулысымен.

P960090_

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі 1995 жылдың 15 желтоқсанына дейін осы деректерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК